



№12 (71) 2019 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

ТАҒЫЛЫМ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



ХОЖАМУРАТОВА АЛИЯ ИСИНБАЕВНА,
№29 «АЙ - КЕРІМ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫНЫҢ МЕҢГЕРУШІСІ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

САЛИМА ИГИЛИКОВА,
 №29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасы МКҚК-нің тәрбиешісі
 Шымкент қаласы

МАТЕМАТИКА ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Мақсаты:

- Сандарды білуге, кері санай алуға, заттың санын білуге, математикалық тапсырмаларды дербес шеше білуге, үйрету.

- Балаларды ойын-әрекеті арқылы логикалық ойлау қабілетін дамытып, сөздік қорын молайту.

Міндеті:

-Берілген тапсырманы өз беттерімен орындап, жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу.

- Дәстүрден тыс әдістер арқылы балалардың шығармашылықтарын дамыту.

Қажетті құралдар: Проектор, үн таспа, кеспе сандар, суреттер, геометриялық пішіндер, сурет салуға мүсіндеуге қажетті құралдар, аппликацияға қажетті таратпа құралдар.

Алдын-ала жұмыстар: сан туралы тақпақ айту.

Блингвалдық компонент: математика әлеміне саяхат- путешествие в страну математики.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің қызметі	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Тәрбиеші балаларды дөңгелене тұрғызады. «Сәлем сөздің анасы, Сәлем берер әр қазақтың баласы»-демекші қонақтармен амандасып алайық. -сәлеметсіздер ме! -Здрастуйте! -Гуд монинг! Шаттық шеңбері: Картотека №9 Қуанамын менде, Қуанасың сенде, Қуанамыз бәріміз арайлап айтқан күнге. Всем, всем, добрый день! Здрастуй солнце золотое! Здрастуй матушка земля! -Бәрекелді, неткен ақылды едіңдер.	-балалар амандасады. Балалар шеңберге тұрып іс қимыл жасап айтады.
Ұйымдастыру ізденушілік	Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Тәрбиеші: Балалар әр мезгілдің өзінің ерекшелігі болады сол ерекшелікті біліп ойын ойнаймыз ба? -Ал олай болса «Жыл мезгілдері» ойынын ойнайық. -Балалар сендер жыл мезгілдері туралы жұмбақ білесіңдер ме? <i>Аяз қысып, Терезені торлайды Қарға омбығып Бет домбығып Балалар далада ойнайды. Кейде ұлып, Кейде ысқырып Ұйытқып боран соғады Айтыңдаршы, балалар, Бұл қай кезде болады.</i> -Енді дұрыс жауабын көрейік.	Пішіндерді алып бөлінеді. -Көктем мезгілі. -Алақай! Ойнаймыз -Қыс мезгілі -Жаз мезгілі.

	-Ендігі жұмбақты үш дауыспен оқып берейін, мүмкін сонда жауабын тез тауып, естерінде қалар. <i>Қойны толы жеміске, Көк майсалы еңіске. Кобелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлайсың?</i> -Жауаптың дұрыстығын тексерейік. -Жарайсыңдар, енді мына жұмбақ сендерге кесте түрінде беріліпті. Жаздағыдай балалар Далада көп жүрмейді Егіншілер егінді Қамбаға әкеп жинайтын Қай мезгіл деп ойлайсыңдар? Айтыңдаршы балалар бұл қай мезгілдің белгілері екен? -Жауаптарың дұрыс. -Келесі жұмбақты ұнтаспадан тыңдауларыңды ұсынамын. <i>Қар еріп, Су көбейіп, Сай салаға ағады! Бұршік атып, Жапырақ ашып, Гүл, бәйшешек басады. Балалар, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады</i> -Әрине бұл көктем мезгілі. -Неткен ақылдысыңдар. -Балалар сонда бізде қанша мезгіл бар екен? Ғажайып сәт: (Осы кезде почташы хат әкеледі). -Почташы: -Сәлеметсіңдер ме балалар! -Балалар бізге почташы хат алып келіпті. Бұл хатта бізді математика әлеміне саяхатқа шақырыпты. - Қане балалар саяхатқа немен баруға болады? -Балалар біз онда бүгінгі саяхатымызға сиқырлы глобуспен барайық. -Олай болса балалар көзімізді жұмып глобусты ұстап сиқырлы сөзімізді айтайық. - Достық білім шапағат Жүрсін бізге жол бастап. Жер шарын біз ұстайық. Математика әлеміне саяхатқа шығайық. (Математика әлемінің патшайымы қарсы алады). -Сәлеметсіздер ме балалар! Сендерді көргеніме өте қуаныштымын. -Мен математика әлемінің патшайымы боламын. - Сендердің білімдеріңді тексеру үшін менің көңілді пішіндерім түрлі қызықты математикалық тапсырмаларды дайындап қойды.	-күз мезгілі. -Көктем мезгілі. -төрт мезгіл бар. -Сәлеметсіз бе! -балалар қуанады. көлікпен баруға болады. -ұшақпен баруға болады -автобуспен баруға болады. балалар бірге айтады. -көздерін ашады. -Сандарды ретімен қояды. Балалар айтады -балалар тапсырманы орындайды. -сағаттар. -уақыты өлшейтін құра
--	--	--

Олай болса ойын тапсырманы зейін қойып тыңдайық.

-0-ден 5-ке дейінгі сандарды ретімен қою.
(қалған балдар алдарында тұрған жолақшаға салады).

-0 1 2 3 4 5.

Тура және кері санау.

Балалардың сандар туралы тақпақтары.

Келесі ойын тапсырма.

Ал ендеше балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.

1 Атына сай балалар

Үш бұрыш

Үш жағы бар

Ол пішінді кім табар.

2 Допқа өзі ұқсайтын

Ерекше бір пішін бар

Атын оның атандар

Ол қандай пішін?

3 Төрт бұрышы бар

Төрт қабырғасы бар

Бұл қай пішін?

«Рондо Варио» ойыны

Ойын құрамында 4 жұлдызқұрт, 42 түрлі-түсті ағаш пішіндер, 2 ағаш текше (біреуінде түстер, біреуінде пішіндердің суреті берілген).

Мақсаты: 4 жастан бастап ойнауға арналған.

Бала пішіндермен танысу мақсатында.

Бөлшектердің түстерін, формаларын атауын айтады, ажыратады. Жіпке пішіндерді тізіп үйренеді, бір түсті пішіндерді тізеді, бірдей формаларды тізеді. Екі текшені ойын алаңына тастап, текшелердің бетіне түскен пішінге және түсіне қарай қажетті пішінді тауып, жұлдызқұртқа тізіп шығады. Алты түрлі-түсті ағаш пішіндерді жұлдызқұртқа бірінші тізіп біткен бала, жеңімпаз болады.

Ендігі ойын тапсырмабалалар. ...

Тәулік бөліктері дегеніміз не?

Уақыт бөліктері туралы тақпақ білесіңдер ме?

Азанда ерте тұрамын

Төсегімді жинаймын

Ұқыпты боп киініп

Бақшаға мен барамын.

-Таңертең

-Серуеннен қайтамыз

Тамақ ішіп аламыз

Біз тәртіпті баламыз

Тәтті ұйқыға батамыз

Түскі уақыт

-Ұйқымыздан тұрамыз

-Жеңіл тамақ ішеміз

-серуенге шығамыз

Асыр салып ойнаймыз

-Бұл бесін

Балалар өлең шумақтарына сәйкес қимылдар жасайды.

балалар сиқырлы сөзді айтып бақшаға қайтады.
-Әр топ өздеріне берілген тапсырмаларды орындайды.

	-Серуенде жүреміз Ән саламыз күлеміз «Апай сау бол» деп Үйге қарай кетеміз. -Бұл кешкі уақыт. Үйлерде шам жанады Тыныш кезең болады. Теледидар көреміз Тәтті ұйқыға жатамыз. -Түн. Сергіту сәті: Картотека№7 Ал балалар тұрайық Қолдан шеңбер құрайық Дөңгелектей дөңгелеп Шыр айналып тұрайық Қолды аспанға созайық Түзу болып тұрайық Бір-біріне қосқанда Үшбұрышты құрайық. Осы сандарға байланысты қандай мақал- мәтел білесіңдер? Сандарға байланысты мақал-мәтелдер айту. 1. Бір тал кесең, он тал ек. 2. Жеті рет өлшеп, бір рет кес. 3. Ер кезегі үшке дейін. Балалар біз онда бүгінгі саяхатымызды аяқтап, сиқырлы глобуспен қайтайық. -Олай болса балалар көзімізді жұмып глобусты ұстап сиқырлы сөзімізді айтайық. - Достық білім шапағат Жүрсін бізге жол бастап. Жер шарын біз ұстайық. Бақшаға біз қайтайық. Балалар біз математика әлемінде қызықты тапсырма ойындарды орындадық. Енді көктем мезгілінің ерекшеліктерін қағаз бетіне шығармашылық орталыққа барып орындайық. Ол үшін үшке бөлінеміз. Дәстүрден тыс әдістерді қолданамыз. 1 топ ермексаздан дайындалған ағашқа ермексаздан мүсінделген шеңбер пішіндерді ағашқа шымшу арқылы жабыстырымыз. 2 топ Ағашқа алқызыл түстен қиылған пішіндерді гүл құрастырып жабыстыру. 3 топ боялған ағашқа дәстүрден тыс сурет салу арқылы қиылған бүдірі бар салафанды бояу арқылы ағаштың бетіне бастыру арқылы жасайды.	
Жетекші жөндеуші:	Қорытынды: Балалар біз бүгін қайда бардық? - Ол жерге біз қалай бардық? -Кімді көрдік? -Қандай тапсырмалар орындадық. -Олай болса біз бүгінгі ашық оқу қызметімізді аяқтап қонақтармен қоштасайық. Ал енді келген қонақтармен қоштасайық.	-Балалар сұраққа толь жауап береді.

	Қол ұстасып тұрайық Шеңберді біз құрайық Көріскенше күн жақсы Сау саламат болайық.	
--	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: математикалық мазмұндағы дидактикалық ойындарды біледі.

Қалыптасқан түсініктер: Геометриялық пішіндер мен денелерді табуға үлкен, кішіні салыстыруға. Жұмбақтар қисынды есептерді түсінді.

Орындаушылық қабілеті: Топпен жұмыс істеуге, ұғымталдыққа әдептілікке үйренді.